

ДӘЙКӨЗ

Бауыржан ОРЫНБАСАРОВ,
МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ
ДИРЕКЦИЯСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ:

«**БІЗ «ЦИФРЛЫҚ
ТРАНСФОРМАЦИЯ»
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫНА
СӘЙКЕС
«ЦЖС ҚОЙМА
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН
ОҒТАЙЛАНДЫРУ»
ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕСЕ АСЫРУҒА
КІРІСТІК. БҰЛ
ЖОБА ТАУАРЛЫҚ-
МАТЕРИАЛДЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ТИІМДІ ОРНАЛАС-
ТЫРУ, САҚТАУ,
ТАҒЫСЫН ТАҒЫ
МІНДЕТТЕРДІ АЛҒА
ҚОЙЫП ОТЫР**»

АҚПАРАТ

**ДӘСТҮРЛІ ФОРУМ
ОНЛАЙН ФОРМАТТА ӨТЕДІ**

Биыл Қазақстан машина жасаушыларының дәстүрлі форумы онлайн форматта өтеді. Кезекті VIII форум 17 қыркүйек күні басталады.

Форум осы жылдар ішінде жетекші қазақстандық және шетелдік машина жасау кәсіпорындарының басшылары, орталық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор мен даму институттары, бизнес қауымдастықтар өкілдерінің, сондай-ақ машина жасау өнімдерінің ірі тұтынушылары арасындағы диалог алаңына айналды. Сонымен қатар индустриядағы басты салалық іс-шараға айналды. Шараны ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қазақстан машина жасаушылар одағы ұйымдастырады. Форум аясында ұйымдастырылатын «Kazakhstan Machinery Fair 2020» машина жасау және металл өңдеу бойынша I Халықаралық мамандандырылған көрмесі де 17-20 қыркүйек аралығында онлайн платформада өтеді. Бұл көрмеде отандық және шетелдік жетекші машина жасаушылардың өнімдері ұсынылады.

Форум өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен «Машина жасау – Қазақстанды индустриаландыру драйвері» деген тақырыпта өткен болатын. Форумда жаңа заман талабы жағдайында саланы дамытудың стратегиялық бағыттары, импорт алмастыру, өндірісті ынталандыру, жас мамандардың мәртебесін арттыру, цифрландыру жағдайында жаңа тәсілдерді талқылау сияқты маңызды және өзекті тақырыптар талқыланды. Қатысушылар соңғы жылдары машина жасау саласы жаңа экономикалық жағдайларға жедел бейімделіп, тұрақты өскен салалардың біріне айналғанын, Индустриаландыру жылдары машина жасау және металл өңдеу саласында 130 жаңа өндіріс іске қосылып, 14 мың тұрақты жұмыс орны ашылғанын атап өткен. Бір топ машина жасау саласының үздіктері «Құрметті машина жасаушы» төсбелгісімен марапатталды. Олардың қатарында «Теміржол жөндеу» ЖШС және «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ өкілдері болды.
Ұлан ОРАЗ

БҮГІНГІ САҢ

**БИЫЛҒЫ БІРІНШІ
ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ҚТТ
ВАГОН ЖӨНДЕУ БОЙЫНША
СЕРВИС КОМПАНИЯСЫ**

22 066

**ҚҰРАМҒА АҒЫМДЫҚ ЖӨНДЕУ
ЖҮРГІЗГЕН.**

ИНФРАСТРУКТУРА

УЮТНО И ТЕПЛО



Руководство АО «НК «ҚТЖ» всегда заботится о своих сотрудниках, об условиях их жизни и быта. Особенно, когда речь идет о людях, работающих на отдаленных и особо значимых станциях.

Асель ШАЙХЫНОВА

Так, филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Алматынское отделение магистральной сети» заключил договоры с подрядчиками ТОО «Римстрой сервис» и ТОО «Sunkar Construction Group» по ремонту 68 домов на станции Достык. Также заключен договор с ТОО «Теміржолсу» о текущем ремонте и замене внутриподвальных

инженерных сетей в 59 многоквартирных домах.

– Несмотря на пандемию и такое сложное время, все работы ведутся в срок. Главное, чтобы людям было тепло и уютно. Сейчас уже не сравнить с тем, что было до ремонта. Стало намного красивее и ухоженнее. Фасады домов изменились до неузнаваемости. Жителям очень нравится, – отметил заместитель директора

(по социальным вопросам) филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Алматынское отделение магистральной сети» Болат Жадратов.

В целом, станции Достык уделяется особое внимание, учитывая ее значение в развитии транзитных возможностей страны. Напомним, в рамках Государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2020-2025 годы предусмотрена

реализация за счет республиканского бюджета первого этапа проекта «Модернизация железнодорожного транспортного коридора Достык – Мойынты». Планируется капитальный ремонт пути, строительство ряда объектов железнодорожной инфраструктуры, в том числе вторых и приемоотправочных путей на отдельных участках.

Все это позволит создать беспрепятственный, ускоренный пропуск поездов через приграничную станцию, нарастить транзитные перевозки через территорию Казахстана и повысить конкурентоспособность основного тран-



Фото автора

портного коридора страны по маршруту Китай – Европа.

С каждым годом станция все больше развивается, сюда приезжает немало молодых специалистов. Несмотря на текущую ситуацию, компания изыскивает средства для улучшения жилищных условий своих работников, обеспечения достойных условий проживания на дальних станциях.

Фото автора

ГРУЗОПЕРЕВОЗКИ

РЕКОРДНАЯ ПОГРУЗКА

На 557% перевыполнили план погрузки строительных грузов в Костанайском отделении грузовых перевозок по итогам августа. Такой рекорд в регионе установлен впервые.



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП по логистике Ерден Аманов, при плане погрузки строительных грузов на август текущего года 531 вагон (26,2

тыс. тонн) фактически погружено 2 292 вагона (146 тыс. тонн). В результате погружено на 120 тысяч тонн выше плана. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года погрузка строительных грузов увеличена на 81,4 тысячи тонн. Такой громкий успех, по словам Ерден Аманова, стал возможен в том числе

благодаря самоотверженному труду коллектива отделения.

Другой заметный успех по итогам августа в Костанайском отделении достигнут при погрузке продуктов перемолоты – здесь план перевыполнен на 147%. При плане на месяц 704 вагона (46,5 тыс. тонн) отгружено 1022 вагона (68,4 тыс. тонн). Свыше плана погружено 21,9 тысячи тонн. По сравнению с прошлым годом погрузка выросла на 12,8 тысячи тонн.

Еще один рекорд в Костанайском отделении грузовых перевозок установили при погрузке цветной руды. Здесь августовский план перевыполнен на 132%. При плане погрузки цветной руды 8153 вагона (561,1 тыс. тонн) погружено 10 676 вагонов (738,9 тыс. тонн). Сверх плана отгружено 177,8 тысячи тонн. К факту прошлого года погрузка увеличена на 101 тысячу тонн.

Кроме того, в августе на 116% перевыполнен план по отгрузке огнеупоров. Здесь планировалось отгрузить за месяц 478 вагонов (32 тыс. тонн). Фактически же погружено 564 вагона (37,2 тыс. тонн). Это 86 вагонов (5,2 тыс. тонн) сверх плана.

В целом же, по итогам августа, общий план погрузки всех видов номенклатуры в Костанайском отделении ГП перевыполнен на 112%. То есть при плане погрузки в 39 215 вагонов (2 млн 635 тыс. тонн) погружено 43 825 вагонов (2 млн 964,2 тыс. тонн), или 329,2 тысячи тонн выше плана. В среднем же ежедневно в отделении отгружали 1 414 вагонов (95,6 тыс. тонн).

Фото автора

ЛОГИСТИКА

ТӨРТ ҚҰБЫЛАСЫ ТҮГЕЛ

Маңғыстау ЖТ бөлімшесін дамытудағы ең басты басым бағыттар Каспийдегі порттар арқылы контейнерлік тасымал көлемін ұлғайта отырып жүк айналымын арттыру, теңіз инфрақұрылымын жақсарту және жүктің жаңа түрлерін тарту болып отыр. Сондықтан бөлімшеде бүгінгі таңда Қазақстан, Қытай, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азия, Түркия, Оңтүстік Еуропа елдері арасындағы Транскаспийлік халықаралық көлік бағдарын дамытуға аса көңіл бөлінуде.

Райхан РАХМЕТОВА

Осы орайда филиалға қарайтын мемлекетаралық шекаралық түйісу нүктелерінің әлеуетін арттырудың да маңызы зор екені белгілі. Ал әлеуеті зор порттардағы және шекаралық түйісу нүктелеріндегі тасымал процестерін ұйымдастырып отырған Маңғыстау теміржолшыларының еңбегі бір төбе.

Ерлан Бүркітов – өңір темір жолының проблемаларын жақсы білетін теміржолшы. Түбек теміржолының артықшылығын да, кем-кетігін де жатқа біліп, жағдайын бағдарлай алатын маман ретінде ол биыл елде өтіп жатқан

«Праймериз-2020» жобасына қатысып, өңірдің тек теміржолға қатысты ғана емес, басқа да маңызды салаларындағы мәселелерін шешуге бағытталған бағдарламасын ұсынып отыр. Соның аясында да мемлекетаралық түйісу нүктелерінің өзекті мәселелері қарастырылмақ.

Оның айтуынша, бүгінде Маңғыстау ЖТ бөлімшесінде 4 мемлекетаралық шекаралық түйісу нүктесінің бәрі де маңызды. Біріншісі, Өзбекстанмен шекаралас Каракалпакия нүктесі Орталық Азия елдерімен арадағы транзиттік тасымалды қамтамасыз етеді. Екіншісі, Болашақ станциясы арқылы Түркіменстанмен шекара нүктесі Парсы шығанағы елдеріне бастайды. Сосын теңіз

арқылы Иран, Әзербайжанға шығатын Ақтау теңіз порты. Соңғысы – Құрық порты.

– Көліктік логистика – анағұрлым аз мерзім мен шығын арқылы тапсырылған тауарды тиісті нүктеге талап етілген уақыт ішінде қолайлы бағдармен жеткізу. Осы тұрғыда компанияның бүгінгі негізгі экономикалық басым бағыты – клиентке қызметтер кешенін ұсына отырып, сапа мен табыстың өсімін арттыру мақсатында өндірістік шығындар мен оқлықтарға жол бермей, барлық мүмкіндіктерді іздеу бағытталған. Мульти-модальды көлікті қарқынды дамыту мақсатында құрылған ТХКБ Қытай-Қазақстан-Әзербайжан-Түркия-Еуропа елдері арасын жалғайды. Бұл бағдар бойынша контейнерлермен бидай, астық, мұнай, газойль комбайндар, т.т. тасымалданады. Аталған бағдар ТМД бойынша көрші елдер мен Еуропаға жүк жеткізу уақытын және шығынын азайтты. Бұрын жүктер құрғақ жолмен Ресей арқылы 40-45 тәулікте жететін болса, бүгінде контейнерлік пойыздар осы бағдармен жүре отырып біршама аз уақытта жетеді: Шихези (Қытай) – Қазақстан – Стамбул (Түркия) – 6 тәулікте, Ляньюньган (Қытай) – Қазақстан – Стамбул (Түркия) – 19 тәулікте, Чэнду (Қытай) – Қазақстан – Стамбул (Түркия) – 17 тәулікте жеткізіледі. Азиядан Еуропаға мульти-модальды контейнерлік желілер 15 күнде ұйымдастырылады, – дейді Маңғыстау ЖТ бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітов.

(Жалғасы 2 бетте)

АКТУАЛЬНО

**ЗАДАЧИ
ВЫПОЛНИМЫ**

В два раза планируется увеличить контейнерный транзит – до 1,6 миллиона контейнеров – к 2025 году в рамках государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол».

Такие задачи озвучил министр индустрии и инфраструктурного развития Бейбут Атамкулов в ходе онлайн-заседания Общественного совета с участием депутатов Мажилиса Парламента РК, представителей профсоюзных и неправительственных организаций, бизнеса, а также общественных деятелей.

В своем отчете Бейбут Атамкулов отметил, что железнодорожный транзит планируется увеличить на 49% – с 18 до 26,9 миллиона тонн. При этом контейнерный транзит в ближайшие пять лет планируется увеличить вдвое.

Перевозки пассажиров вырастут на 35% – с 8,1 до 11 миллионов человек в год.

– Реализация всех намеченных проектов позволит создать 550 тысяч рабочих мест. В результате производительность труда в транспортной отрасли вырастет на 20%, а объем инвестиций увеличится в 3 раза, – сообщил министр.

В текущем году Министерством индустрии и инфраструктурного развития РК ведется работа по дальнейшему совершенствованию законодательства с учетом создания здоровой конкуренции на рынке перевозок грузов железнодорожным транспортом.

В рамках новой программы «Нұрлы жол» на 2020–2025 годы для ликвидации узких мест планируется ряд прорывных инфраструктурных проектов. Один из них – реализация с 2021 года стратегического проекта по модернизации участка Достык – Актогай – Мойынты (840 километров), который позволит увеличить пропускную способность участка в два раза и сократить сроки транспортировки грузов в 1,5 раза.

При модернизации участка будет создано более 2 000 рабочих мест (в период эксплуатации – 120), что обеспечит занятостью граждан Алматы, Карагандинской и Восточно-Казахстанской области.

Еще один проект – строительство железнодорожной линии в обход станции Алматы по схеме государственно-частного партнерства протяженностью 73 километра.

Для дальнейшего улучшения сервиса пассажирских перевозок в текущем году планируется приобрести также порядка 100 новых вагонов.

Наряду с этим министерством ведется целенаправленная работа по обеспечению доступности железнодорожных пассажирских перевозок для лиц с ограниченными возможностями. В настоящее время на 44 маршрутах (из 58 социально значимых) курсируют 98 единиц специализированных вагонов-купе и имеются инвалидные коляски, которые свободно перемещаются внутри вагона и используются при посадке и высадке. Также предусмотрена 50-процентная льгота на проезд по социально значимым маршрутам.

Любовь РОББА

ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ

**ОТКРЫТЫ
ПРЕДЛОЖЕНИЯМ**

АО «Пассажирские перевозки» запускает онлайн-проект «Адал қызмет» для идей и предложений по улучшению сервиса в пассажирских поездах.

В новом проекте могут принять участие все желающие без ограничений и до 31 октября текущего года направить свои идеи и предложения на электронный адрес компании passenger@railways.kz.

Генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Питер Штурм отметил, что готов лично встретиться с авторами лучших идей преобразований и обсудить их предложения.

– Как только эпидемическая ситуация позволит, мы хотели бы вступить в прямой диалог с клиентом. В наших планах провести опрос среди клиентов через мессенджер Телеграм. Мы рассмотрим все предложения по улучшению деятельности компании, – отметил он.

Роман ЛЮБИМОВ

ЖАҢАЛЫҚТАР

ӘРІПТЕСІНЕ ӨМІР СЫЙЛАДЫ



Қандыағаш локомотив пайдалану депосында маневрлік жұмыс кезінде қауіптің алдын алып, шұғыл әрекетке барған машинист көмекшісі Қайрат Елеусізов марапатталды. Станцияда маневр жасап жатқан тепловоз машинисінің денсаулығы күрт нашарлап, көмекшісі жылдам әрекет жасап аман алып қалған.

Тасымалдау процесінің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін локомотив пайдалану депосының жауапкершілігі атан түйеге жүк артқандай жоғары. Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін бірінші орынға қоятын локомотив бригадасынан қауіпті жағдайда шапшаң әрі тиімді әрекетке баруы талап етіледі.

«Машинист көмекшісі ережеге сай дұрыс әрекет еткен. Кенеттен ауырып қалған машинистке дер кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетіп, өмірін сақтап қалды. Жүргізушісіз қалған маневрлік құрамды тоқтатып, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына үлес қосты», – дейді ТЧЭ-5 Қандыағаш локомотив пайдалану депосының басшысы Алматы Мақашев.

Қандыағаш локомотив пайдалану депосы биылғы жарты жылдықта қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтірмей, жұмысты жақсы көрсеткіштермен аяқтады. Ұжымда бүгінде 680 адам еңбек етеді, оның 450-і – локомотив бригадасы.

Депо пандемия уақытында санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды қатаң сақтап, жұмысты тоқтатқан жоқ. Қызметкерлердің барлығы медициналық бетпердемен қамтамасыз етіліп, локомотивтер бойынша дезинфекция жұмыстары жүрді. Қызметкерлердің денсаулығы күнделікті тексеріліп тұрды. Индет кезінде машинистерге техникалық сабақ жүргізу жұмыстары да тоқтаған жоқ. Барлық оқыту сабақтары онлайн өтті.

Қызметкерлермен кері байланысты тоқтатпау үшін WhatsApp желісі арқылы инструкторлар қосымша топ ашып, әрқайсысы машинистермен сабақ жүргізді.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛДЕ ҚАЛА ЖАЗДАДЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданында теміржол өткелінен өтіп бара жатқан трактор сынып, бір сағатқа жолды жапты. Оқыс оқиға 9 қыркүйек күні сағат 21.05-те болған.

Аққайың аудандық полиция бөліміне Қиялы мен Смирново елді мекендерінің арасындағы «Жаңажол» теміржол өткелінде К-700 тракторының сынып тұрғаны жайында хабар түседі. Аудандағы шаруа қожалықтарының бірінің 38 жастағы тракторшысы екі тіркеме бидайды аудан орталығына апара жатқан. Алайда теміржолды кесіп өткен кезде тіркемесінің бірінің артқы доңғалағының осы сынып кеткен. Соның салдарынан сынған осы өткелдің резеңке жабындысына кіріп, трактордың қозғалуына кедергі келтірген.

Теміржолдың дәл осы учаскесі арқылы жолаушылар пойызы жиі өтеді. Сол себепті тез арада жолды босату қажет болды. Теміржолшылар, шаруашылық жұмысшылар К-700-ді сүйреп шығарып жатқанда, тәртіп сақшылары жол қозғалысының қауіпсіздігін қадағалады. Сағат 22.10 минут текшеңдер трактор жолдан алынды, ал 15 минуттан кейін ол жерден еш кедергісіз «Алматы-Петропавл» бағытындағы жолаушылар пойызы өтті, – дейді желілік тәртіп сақшылары.

Теміржолшылар өткелдегі зақымдалған резеңке жабындыны ауыстырды. Ал тексеру барысында К-700 тракторы жүргізушісінің көлікті басқаруға рұқсат беретін құжаттары болмай шықты. Тәртіп сақшылары оған теміржол өткелін зақымдағаны үшін әкімшілік іс жинап, материалды сотқа беруге әзірлеп жатыр.

Ұлан ОРАЗ

КҮЗГІ СЫН

БАЙҚАУ БАСТАЛДЫ

Шығыстағы Семей ЖТ бөлімшесі бойынша қыркүйектің 14-нен бастап күзгі комиссиялық байқау басталды. Қазіргі күні барлық шаруашылық құрылымдары мен мекемелер қатаң тексеру шараларына даярлық жұмыстарын аяқтауда.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Бөлімшеде күзгі сынға орай жүргізілетін жұмыстар бойынша арнайы бұйрықтар мен құжаттамалар рәсімделуде. Сондай-ақ, бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімінің мамандары арнайы кесте әзірледі. Оған сүйенсек, күзгі байқау бөлімшедегі ең ірі, тораптық Семей және Жаңа-Семей станцияларынан бастау алмақ.

Айта кетерлігі, биылғы күзгі байқау

ерекше қарбалас жағдайда өтетін болып тұр. Себебі, Жаңа-Семей жол дистанциясына қарасты аумақ бойынша күрделі жөндеу жұмыстары енді аяқталатын болса, қыркүйектің 18-нен бастап Аягөздегі ПЧ-42 мекемесі жүрізетін күрделі жөндеу шаралары басталмақ. Ауқымды іске дөп келетін бұл комиссиялық байқау бөлімшедегі ревизорлық аппарат қызу даярлық үстінде.

Дегенмен барлық мекемелер басшылары мен бас инженерлері әзірлікті жоғары деңгейге жеткізгендерін айтады.

Тамыз айының 26-шы жұлдызынан басталған кең көлемдегі ауқымды күрделі жөндеу жұмыстарын күзгі



байқау басталғанша бігірдік. №3 жол айрығы мен Делбегетей станциясы аралығындағы жаңартылған желі бойы алғашқы кезекте тексеруден өткізілмек. Дегенмен қысқа даярлық шаралары аясында жоспарлы жұмыстарды аяқтап, күзгі комиссиялық байқауға толықтай даярлық жасадық, – дейді Жаңа-Семей

жол дистанциясының техникалық бөлімінің басшысы Ғафур Рахымбаев. Сонымен қатар, күзгі байқау аясында қайта жаңартылған Жаңғызтөбе мен Семейдегі теміржол вокзалдарымен бірқатар станциялардағы жаңадан салынған кірме жолдар да техникалық талапқа сай тексеруден өткізілмек. Суретті түсірген автор

ЛОГИСТИКА

ТӨРТ ҚҰБЫЛАСЫ ТҮГЕЛ

(Соңы. Басы 1 бетте)

Транскаспийлік дәліз жобасын қолдау мақсатында Қазақстанда 1676 км темір жол салынды. Бүгінде Қазақстан аумағы арқылы контейнерлік пойыздардың қозғалыс жылдамдығы таулігіне 1100 км-ге жетті. Бұл – осы дәлізге қарайтын елдер ішіндегі ең үздік көрсеткіш.

долларын құрамақ.

– Орталық Азия шекаралық нүктесі арқылы Өзбекстаннан жыл басынан бері 17 417 вагон жүк қабылдадық. Бұл импорт болып есептеледі. Соның 40 пайызы – халықтық тұтынатын тауарлар. Ал ол жаққа экспорт пен транзитті қосқанда 24 230 вагон жөнелтілді. Оның көбі металл, газ, ағаш материалдары, кокс, ұн, астық, түрлі жабдықтар, химия, әйнек, т.б. Сол сияқты Болашақ станциясы арқылы 8 ай ішінде 12955 вагон жөнелтіліпті. Оның көбі халық тұтынатын тауарлар, атап айтқанда,

қант, макарон өнімдері, ұн, комбайн, бидай, құбырлар, металл өнімдері, жанар-жағармай. Келгені – 13703 вагон, – дейді Е.Бүркітов.

Ақтау теңіз сауда порты түрлі құрғақ жүктер, шикі мұнай және мұнай өнімдерін халықаралық тасымалдауға арналған. Ол ТХКБ бойынша ең маңызды бөлік болып саналады. Порт Каспий, Қара теңіз, Жерорта теңізі және Балтық бассейндеріне, Парсы шығанағы мен Оңтүстік-Шығыс Азияға жол ашады. Бағдардың әлеуеті жылына 300 мың контейнерге дейін

тасымалдауға жетеді. Сондықтан қосымша Солтүстік теңіз терминалы салынып, ол Ақтау портының өткізгіштік қабілетін жылына 17,5 млн тоннаға дейін арттырды. Сол сияқты Құрық портының да өткізгіштігі 4 млн тоннаға арттырылып, қуаты 7 млн тоннаны құрайды. Ауданы 43,2 га жерді алып жатқан Құрық порты Қазақстанның транзиттік-көліктік әлеуетін дамытуға мықты серпін берді және ол «Жаңа Жібек жолы» жобасын жүзеге асыруға септік етті. Бүгінгі таңда Құрық порты – Алят – Құрық порты бағдары арасында Әзербайжанның 15 кемесі қатынайды. Оның алтауына 52 вагон, тоғызына 26 вагон сыяды. Кеме Бакуден Құрыққа дейін 18 сағат жүзін келеді. Ал бұрын ол Ақтауға дейін 22 сағат жүзетін. Құрық пен Алят порттарының арасы шамамен 452 км құрайды.

КӘСІПОРЫН ТЫНЫСЫ


КЕШЕНДІ ШАРАЛАР ЛЕГІ АТҚАРЫЛУДА

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру мақсатында сырбойылық теміржолшылар өз мекемелеріндегі салалық нысандардың жай-күйін бақылап, қысқа дайындық жұмыстарын бастап кетті.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Дистанцияның аға электромеханиктері Сәбит Қайрулла мен Жалғас Қалмағанбетов станцияның солтүстік алқымындағы жол бойына орналастырылған байланыс құрылғыларының жағдайын, ішкі-сыртқы бекітпелерінің мықтылығын тексеріп, сырттан не іштен өздігінен тұйықталу, бұзылу секілді кедергілердің алдын алу, жалпы алғанда байланыс құрылғыларының жұмыстан тыс қалмауы үшін оларға күтім жасап, бақылаудан өткізумен айналысуда. Электромеханиктердің сигналдарды жалғағыш С-4 муфтасын тексеру сәтіне біз де куә болдық.

– Станциялық жолдардың солтүстік алқымындағы



жол бойына орналастырылған байланыс құрылғыларының монтаждалу жұмыстарын бақылап, тексеруден өткізіп жатырмыз. Әзірге құрылғылардың монтаждалу жұмысында оғаш нәрселер кездескен жоқ. Жалпы күнделікті күтімге алынған байланыс құрылғыларының жұмыстан тыс қалуы тіркелген жағдайда оны дереу орнына келтіруге күш саламыз. Бүгінгі тексеру жұмысымыз құрылғыларды қысқа дайындық барысындағы кешенді шаралардың бірі болып саналады. Байланыс құрылғыларының жай-күйін, монтаждалуын, олардың жұмысын тағы бір тексеріп, бақылаудан өткізіп жатырмыз. Мына С-4 сигналдардың жалғағыш муфтасынан осы маңайдағы бағдаршамдарға сигнал таратылады, әзірге муфта жұмысы қалыпты екенін байқаймыз, – деді қолдарындағы тексеру құрылғыларымен бір қарағанда өрмекшінің торындай торланып, шиеленісіп, бір-бірімен ретті-ретсіз шатастырылып бекітілгендей болып көрінетін сигналдар муфтасының тетіктерін тексеріп отырған дистанцияның аға электромеханигі Сәбит Қайрулла.

Сигналдар муфтасының қыс алдында тексеріліп бақылаудан өткізілуі маңызды. Оның ішіне сырттан жасалатын асерлердің салдарынан тетік сымдарының бекітпесінің босауы, таттануы секілді өзгерістер де сигналдың жоғалуына себеп болуы мүмкін екен. Сондықтан муфта қақпағының герметикалық қағидаларға сай берік бекітіліп сырттан шаң-тозаңның түспеуі, жауын-шашынның енбеуі муфтаның технологиялық талапмен жұмыс жасауына негіз болатындықтан оның қақпағының бекітілуінің де өз ерекшелігі бар екен.

Суретті түсірген автор

ҚЫС – ҚЫР АСТЫНДА

ҚАТАЛ МАУСЫМҒА ҚАМДАНЫС ҚАЛАЙ?

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты теміржол мекемелері алдағы қысқы маусымға әзірлік жұмыстарын ширатып жатыр. Күздің алғашқы айы да өне-міне орталап қалды, суық та көп күттірмесі анық. Дайындық экономикалық ахуалды зерделеп, жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Бұл туралы бөлімшенің бас инженері Нұрлан Баялиев айтып берді.

Асхат РАЙҚҰЛ, Жамбыл облысы

Нұрлан Аргынбайұлының сөзіне қарағанда, ең алдымен Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің басшылығымен бірлесіп, қар тазалау жұмыстарының жоспары жасалған. «Өңірдің Жуалы аумағын қамтитын бірнеше станциясында қыс мезгілінде қар қалың түсетіні белгілі. Қар құрсауында қалмас үшін жыл сайын нақты шаралар жоспарын әзірлеп, сол бойынша іс-қимыл жасаймыз.

Олай етпесек, бұл пойыз қозғалысына да, жүк тасымалына да айтарлықтай кедергі келтіреді», – деп атап өтті бас инженер.

Бүгінде қар тазалайтын техниканы орналастыру бекеттері анықталып, жұмысшылардың құрамы бекітіліпті. Онымен қоса, жұмыс орындары қатаң есепке алу жабдықтарымен және дабыл қағуға қажетті керек-жарақтармен жабдықталған. Дәл қазіргі кезде шаруашылық пен жауапты кадрлардың дайындығы 65 пайызға құрайды екен. Н.Баялиев күзгі байқау ша-

ралары Жамбылда 14 қыркүйекте басталып, айдың соңына дейін жалғасатынын айтып өтті. Оған дейін бұл көрсеткіш те өсе түсетін болмақ.

Сервистік және техникалық ғимараттардың дайындығы әзірге 89 пайызды құрап отыр екен. Алдағы қыс маусымына әзірліктің арнайы жоспарына сөйкес, 158 қызметтік-техникалық ғимараттар мен үй-жайлардың, 141 ғимараттың есік-терезелері ретке келтіріліп, жылу жүйелерінің жағдайы тағы бір пысықталуы тиіс.

«Жамбыл магистральдық желісінің нысандарын жылытатын 9 қазандық бар, оның 7-уі қатты отынмен қыздырылады да қалған екеуі дизельді отынмен жұмыс істейді. Дәл қазіргі таңда 6 қазандық пайдалануға дайын тұр. Сонымен қатар 85 электр қазандығы кеңсе ғимараттарында, электрмен жабдықтау нысандарының, сигнал беру және байланыс орталықтарының ғимараттарында орналасқан. Соның ішінде 62 электр қазандығы қысқы маусымға пайдалануға сақдай сай тұр. Қалған 23 электр қазандығына жөндеу жұмыстары

жүргізілуде. Жылу магистралін қысқа әзірлеу бойынша жоспар 0.224 км құбыр – толық орындалды. Қардан қорғайтын қоршаулардың да ағымдағы жөндеу жұмыстары 100 пайыз аяқталып, 1,7 км ретке келтірілді. Енді ПЧ-50-ге қардан қорғайтын 800 қалқан сатып алуды жоспарлап отырмыз. Ал пайдаланудағы қар тоқтатқыш қалқандардың ағымдағы жөндеуден өткендері 2,4 км жетті. Оның 1 шақырмын ПЧ-48 атқарса, қалғанын ПЧ-50 мойнына алған болатын. Сонымен қатар 3 шақырмынан астам қар жинайтын орынды күрделі жөндеу жұмыстары күтіп отыр. Бұл шаруаны ПЧ-52 атқаруы тиіс», – деп мәлімет берді Нұрлан Баялиев.

Станция жолдары мен бұрылыстарды қоқыстар мен шөптерден тазарту жұмысы 88 пайыз орындалыпты. Ал көмірге деген ішкі қажеттілік 5 446 тоннаны құрайтын болса, мұның бір тоннасы да жеткізілмеген әлі. Техникалық көмірдің керегі 2 750 тонна болса, бүгінде оның 911 тоннасы ғана тиісті орындарға әкелінген.

Деполардың жоспарына сөйкес қар тазалайтын 6 техниканы жөндеу қажет болған болса, бүгінде оның 5-уі жұмысқа әзір. 2 СДПМ құрылғысын ПЧ-48 дайындаса, ПЧ-50, ПЧ-52 бір-бір техникадан жөндеген. Ал ПЧ-51 1 СМ қондырғысын жөндеуден өткізсе, енді 1 СДПМ техникасын өне-міне дайындық сапына қоймақ.

Теміржолға арналған жабдықтарды дайындау 85 пайызға орындалған.

«Сонымен қатар қысқы уақытта жұмыс істеу үшін көлік құралдары да сақдай сай тұруы тиіс. Әзірге 287 көліктің 226-сы дайын тұр. Ал бірінші рет қыс маусымында жұмыс істегелі жатқан 124 маманды арнайы оқытуды жоспарлап отырмыз, бүгінде 89 адам біліктілігін арттырып үлгерді. Олар өндірістік тәжірибеден өтіп, алғашқы білім сынағынан сәтті өтті және жұмысқа жіберілді», – деген Нұрлан Аргынбайұлы қысқы арнайы киіммен қамтамасыз ету әзірге 53 пайызға орындалғанын айтты. Яғни, қажетті 9 846 арнайы киімнің 5 247-сі ғана теміржолшыларға үлестірілген.

Қысқы дизельдік отынмен қамтамасыз етуде де жұмыстың баяулығы аңғарылады. Мәселен, алдағы маусымға қажетті 616 428 литр жанармайдың бүгінде 20 266 литрі ғана жеткізіліпті. Қысқы дизель отынын ӨЧ-21, ВП-36, ВП-37 мекемелері ішінара ғана алған.

КОМИССИОННЫЙ ОСМОТР

ПРОВЕРЯТ ТЕПЛОВОЗЫ

Осенний комиссионный осмотр локомотивов начался в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22). В ходе ОКО тепловозы подготавливают к работе в зимних условиях.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

По данным инженера-технолога сектора контроля ремонта локомотивов ТЧЭ-22 Александра Селиверстова, этот осмотр проводится в период с 10 сентября по 31 октября на основании факсограммы из департамента локомотивного хозяйства ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» и распоряжения по Оскеменскому эксплуатационному локомотивному депо.

На предприятии создали комиссию из числа командно-инструкторского состава и инженерно-технических работников для участия в комиссионном осмотре локомотивов, назначили ответственных по вопросам ведения документации, предоставления информации и своевременной отчетности по ходу проведения ОКО.

Разработаны план организационно-технических мероприятий, графики постановки локомотивов на ОКО, графики участия членов комиссии, список подлежащих и

не подлежащих проведению ОКО локомотивов, – проинформировал Александр Селиверстов. – Приписной парк тепловозов ТЧЭ-22 – 36,5 единицы. Подлежат комиссионному осмотру 32 единицы тепловозов, из них: серии ТЭЗ3А – 15 единиц, серии СКДбе – 16, 2ТЭ10М – одна.

Не подлежат осмотру 4,5 единицы старых тепловозов серии 2ТЭ10, из них пол-единицы находятся на консервации длительного хранения в ТД-10 на станции Серебрянка, три единицы – в ТЧП-5 станции Шемонаиха в ожидании исключения из инвентарного парка, еще один тепловоз находится в ЛРД станции Шар.

По состоянию на 14 сентября, согласно плану осмотрено две единицы тепловоза серии СКДбе с баллом «хорошо». Интересно, что тепловозы при постановке на ОКО получили отметку в три балла, а после выхода с осмотра – четыре.

За пока еще короткий отрезок времени при проведении ОКО случаев заходов локомотивов на вне-



плановый ремонт не допущено.

Во время осеннего комиссионного осмотра тепловозы проходят сервисное обслуживание в ЛРД Шар, сервисном центре станции Аягыз, а также будет выполнен плановый ремонт тепловоза серии 2ТЭ10 согласно графику при достижении межремонтного пробега.

Как отметили в ТЧЭ-22, при про-

верке локомотивов серии СКДбе проводят полную смену летней смазки на зимнюю, корректировку плотности аккумуляторных батарей с отметкой в бортовом журнале ТУ-152, монтаж утеплителей дверей дизельного помещения. На локомотивах серии ТЭЗ3А при наступлении холодов будет производиться монтаж щитов радиаторных

отсеков, перевод сезонных заслонок подачи воздуха в турбокомпрессор, обдува тяговых электродвигателей на зимний режим, перевод топливного крана «зима-лето» на зимний режим.

Также локомотивные бригады частично обновляют покраску кузовов.

Фото автора

БЕЗОПАСНОСТЬ

С УДВОЕННЫМ ВНИМАНИЕМ


За 8 месяцев текущего года в Книгу замечаний от машинистов Алматинского эксплуатационного локомотивного депо поступило 2393 рапорта против 3093 за аналогичный период прошлого года. Однако, несмотря на тенденцию уменьшения, радоваться пока преждевременно, считают руководители депо.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Больше всего претензий у машинистов возникает к хозяйству сигнализации и связи. Именно оно лидирует по количеству замечаний – 889 рапортов против 1460 за тот же период 2019 года.

Кроме того, за 8 месяцев локомотивными бригадами ТЧЭ-28 применено 451 экстренное торможение против 630 в прошлом году. В том числе 125 случаев – из-за нахождения людей на путях, 8 из них – с наездом. За аналогичный период 2019-го по той же причине машинистами применено 168 экстренных торможений, при этом наезда избежать не удалось в 10 случаях.

Продолжаются и наезды на скот. Так, за 8 месяцев текущего года алматинскими локомотивщиками зафиксировано 178 случаев экстренного торможения из-за оставленного без присмотра скота, из них 69 – с наездом. В 2019 году эти цифры достигли 216 и 63 случаев, соответственно.



На сегодняшний день самыми проблематичными участками остаются Алматы – Аксенгир – Шамалган. И хотя с фермерскими и крестьянскими хозяйствами на постоянной основе проводятся разъяснительные беседы, ситуация так и не сводится к нулю: безнадзорный скот по-прежнему становится по-

мехой для движения. Много жалоб от машинистов поступает по выпасу скота на перегоне Айнабулак – Копр, где тот, практически, гуляет по путям, а смотрящие за ним не реагируют на замечания. Так что в настоящее время это является одной из злободневных проблем региона. Вместе с тем, уменьшились на-

рушения по данным расшифровки скоростемерных лент, их стало на 21 случай меньше по сравнению с прошлым годом (68 к 89 в 2019-м).

Стоит отметить, что все случаи, инциденты, срывы эксплуатационной работы, допущенные локомотивными бригадами, прорабатываются на технических занятиях и планерных совещаниях. Проводится практическое обучение на тренажере по выходу из нестандартной ситуации с показом на локомотивах и при выполнении контрольно-инструкторских поездов. При проведении технических занятий используются также и деловые игры, благодаря которым все присутствующие вовлекаются в единый учебный процесс. Систематически прослушиваются записи ведения регламента переговоров между машинистом и дежурным по станции, проводятся собрания с локомотивными бригадами по вопросам безопасности, сохранности грузов и поднятия культуры производства.

